Бекітемін:_______________

«Тұлпар»жекеменшік бөбекжайының

меңгеруші: Науанова М.И

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде «Бала Би» ересек тобына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

**2024 - 2025 оқу жылы**

**Түсінік хат**

2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар, мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:**

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды **дамыту моделі**»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің **Үлгілік қағидалары**;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты**;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу жоспарларын** бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу бағдарламаларын** бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін **міндетті құжаттардың тізбесін** және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2 қосымшасы **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы**;

- 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы **әдістемелік нұсқау хаты** (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттамасы).

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы**: «Тұлпар» жекеменшік бөбекжайы
**Топ:** «Бала Би» ересек топ
**Балалардың жасы:** 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 2024-2025 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>Негізгі қимылдар. Жүру: өкшемен жүру.<br>Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру<br>Жүгіру: аяқтың ұшымен, т<br>Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша<br>Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру<br>Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен)<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты)<br>Аяққа арналған жаттығулар. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру.<br>**Қимылды ойындар**.<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Балалардың доптармен дербестігін дамыту.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру**.<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру**.<br>Балаларды ұқыптылыққа баулу**.**<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары**.<br>өз бетінше киіну мен шешінуді көрсету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**.<br>Шынықтырудың барлық түрлерін<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүреді;<br>-дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытады,<br>-қимылды ойындардың ережелерін орындайды,<br>-түрлі тапсырмалар орындап, бір-бірден сапта жүреді. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор**.<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету**.**<br>**Байланыстырып сөйлеу**.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру**.**<br>- **Күтілетін нәтиже** Дыбыстарды анық айта алады және жекеше, көпше түрінде зат есімнің сын есіммен келістіру дағдысын дамыту арқылы байланыстырып сөйлем құрау біліктілігі қалыптасқан, артикуляциялық жаттығуларды орындай алады;<br>- Диалогтік- қарым-қатынастың негізгі түрін қолданады, диалог барысында сұрақтар қоя біледі және оларға жауап қайтара алады, өтініш және алғыс білдіру кезінде қарапайым сыпайылықты көрсете алады; |
| | **Көркем әдебиет** | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже** - Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай алады;<br>- Көркем сөздерді мәнерлеп айта алады және туындыға деген өз көзқарасын білдіреді;<br>- Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз бейнесін сомдай алады, сипаттау барысында қарама-қарсы кейіпкерлерді салыстыра алады. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта**. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>******Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Артикуляциялық және дауыс аппаратын білуді дамыту.<br>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>******Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы біледі; |
| | **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.<br>**Сан, санау:**<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға,<br>«барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>**Шама:**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне<br>**Геометриялық фигуралар**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)<br>және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету,<br>геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары- төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау**:кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға артқа, оңға солға, жоғары төмен)<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардыңсипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері,«бүгін», «кеше», «ертең» туралы ғымдарын кеңейту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>- Тура және кері санау дағдысы қалыптасқан, бірінің астына бірі 2 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды (теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие) біледі;<br>- Заттар арасындағы кеңістіктік (жабық және еркін кеңістікті бағдарлау) қатынастарды анықтай алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Құрастыру** | Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-Қоршаған ортаны және сол ортадағы табиғат нысандары, маусымдық өзгерістер, жануарлар мен өсімдіктер, заттың қызметі мен оның құрылымы, жасалған материалы арасындағы өзара байланысты түсінеді және түсінгенің айта алады;<br>- «Мен» тұлғасы қалыптасқан, өз отбасының құрамын біледі, отбасындағы туыстық қатынастарды түсінеді, өзінің және өзгенің жасаған еңбегін құрметтей отырып баға бере алады;<br>- Отанға, елге құрмет сезімдері, жолда жүру ережелері туралы білімдері қалыптасқан, қоршаған адамдармен мәдени өзара әрекеттесу формаларын біледі. |
| | **Сурет салу** | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.<br>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-Жұмыс процесінде эмоцияны байқатып, өзінің шығармашылық әрекетінің нәтижелерін бір-біріне көрсете алады және туындыны бейнелеу барысында әдемілікті, көркем, таза, ұқыпты бейнелеу ережелерін сақтайды;<br>- Қарындаш пен қылқаламды дұрыс ұстау және қолдану әдісін игерген, қоршаған заттардың белгілерін сақталған анализаторлардың көмегімен (түс, пішін, өлшем) ажыратады, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды, белгілерді (сызық, нүкте, толқын, пішіндер) орналастыра алады. |
| | **Мүсіндеу** | Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Созылымды материалдармен әрекеттерді (умаждайды, үлкен кесектен үзіп алады, оларды үлкен кесекке біріктіреді) орындай алады;<br>-Бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстыра алады; |
| | **Жапсыру** | Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын |

| | | |
|---|---|---|
| | | жолақтарды қиюды үйрету.<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.<br>Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-Қауіпсіздік ережесін сақтай отырып қайшымен жұмыстануды және жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі тәсілдермен қиюды біледі;<br>-Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды қағаз бетіне орналастырады және оларды кезектестіріп ретімен желімдейді; |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).<br>*****Ән айту:** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру<br>***** Музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>**Билер:** Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>музыканың ырғағымен жүреді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді музыка бойынша:<br>музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады;<br>музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады; |
| | | **Бала, оның отбасы, үй.**<br>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу.<br>**Заттық әлем**<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары**: көлік құралдарын танып,атай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу**: Еңбек етуге деген оң көзқарасын тудыру, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалып тастыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие**:Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізу.<br>**Менің Отаным Қазақстан**. Отанымыз Қазақстан республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту.Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Жолда жүру ережелері**: көлік түрлері,жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігімен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол) бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелер туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өлі табиғат құбылыстарымен заттары**: табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел,жаңбыр, тұман, қар, бұршақ,кемпірқосақ,боран) кеңейту.<br>**Өсімдіктер әлемі:**өсімдіктер оларға күтім жасау (жерді қопсыту,суару,жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсініктерді дамыту.<br>**Жануарлар әлемі**:төрт түлік және олардың төлдері (мінезіндегі ерекшеліктері,қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>- Өзіне және затқа қатысты кеңістікте бағдарлаумен байланысты практикалық әрекеттерді орындау арқылы ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыра алады;<br>- Қағазды бүктейді, беттестіреді, қырларын және бұрыштарын біріктіре алады, желіммен жұмыстана алады;<br>- Табиғи материалдың, таяқшаның көмегімен фигуралардың контурын құра алады;<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарайды, ойнап болған соң оларды жинап және орнына қояды, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. |
| **Қазан** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүгіру**.<br>аяқтың сыртқы қырымен жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау**.<br>сызықтардың, арқанның жүру.<br>**Жүгіру**.<br>адымдап жүгіру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу**<br>көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу<br>**Секіру**<br>бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру.<br>**Лақтыру, домалату**<br>құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру.<br>**Сапқа тұру**.<br>Бір-бірден сапқа тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар**<br>Оңға, солға еңкею, шалқаю<br>**Аяққа арналған жаттығулар**<br>Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату.<br>**Қимылдық ойындар**<br>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>құрсаулармен ойындарын қолдау<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістер туралы түсінік беру.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары**.<br>тісін тазалауды жетілдіру<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br>Жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап жүреді;<br>аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта жүгіреді; |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту<br>**Сөздік қор.**<br>заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардыңатауларымен кеңейту<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыру **Байланыстырып сөйлеу**<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Тұрмыстық заттар, сөздік қорын, Тілдің грамматикалық құрылымы. Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда |

| | | |
|---|---|---|
| | | ойындарды қолданып ойнай алады;<br>Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолданады; адамдардың мамандықтарын, олардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді біледі, тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді;<br>-Себеп-салдарлық байланыстарды орната біледі; |
| | **Көкем әдебиет** | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-Таныс ертегілердің мазмұнын айтып береді;<br>-Әдеби кейіпкерлердің қылықтарын бағалай алады;<br>-Дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстайды; |
| | **Қазақ тілі** | **Дыбыстық сөйлеу мәдениеті:**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту.<br>**Сөздік қоры:**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының атауларын қалыптастыру. Туыстық қарым - қатынасты («сіңлі»,«жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен»,«бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар туралы баяндай білуге дағдыландыру. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып берудеолардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді жіктеп, қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес<br>хабарлы, лепті, Байланыстырып сөйлеу: Қарым-қатынас барысында балаларды бұйрықты сөйлемдермен жауап бере білуді жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Таныс сөздерді дұрыс айтады, және ажыратады. Сөз ішіндегі қазақ тілдегі сөздерді дұрыс айтады |
| | **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу;<br>**Сан, санау:**;<br>Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету<br>**Шама:**<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру. екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | қолданып,жуандығы бойынша заттарды салыстыру,<br>**Геометриялық пішіндер:**<br>денелерді (үшбұрыш, дөңгелек, сопақша) танып, атай білуге үйрету, геометриялық зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолдану<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.<br>**Уақытты бағдарлау.** бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғындыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды;<br>- Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие;<br>- Шамасы әртүрлі 2-3 затты (ұзындығы, биіктігі, ені, жуандығы бойынша) өсу және кему ретімен орналастыра алады;-Құрылыс бөлшектерін атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып, пайдаланады; |
| | **Құрастыру** | Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>- Құрылысты безендіру үшін түрлі түсті бөлшектерді қолданады;<br>-Биіктігі, ұзындығы, ені бойынша құрылыстарды өзгертеді; |
| | **Сурет салу** | Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша  беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, сурет салады;<br>-қазақ оюының бөліктері туралы ұғымдарға ие;<br>-өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалай алады. |
| | **Мүсіндеу** | Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>- Түрлі пішіндегі және көлемдегі таныс заттарды түрлі тәсілдерді қолданып, мүсіндей алады;<br>-Адамның пішінін (дене бөліктерін: бас, кеуде, қолдары, аяқтары) мүсіндейді;<br>-Халық шығармашылығының желісі бойынша тұрмыстық заттар мен ойыншықтардың бейнелерін мүсіндеуге қызығушылық танытады; |
| | **Жапсыру** | Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан |

| | | |
|---|---|---|
| | | кейін оны желімдеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-Жеке бөліктерді жапсырады;<br>-Желімді, сүлгіні қолдана алады;<br>-Композиция құрайды; жолаққа геометриялық пішіндер мен өсімдік өрнектерінен өрнектер жасай алады. |
| | **Музыка** | *****Музыка тыңдау:** Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу<br>**Ән айту:** Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.<br>*****Музыкалық-ырғақты қимылдар:** музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.<br>**Билер:** би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды;<br>балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген.<br>таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады;<br>тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі. музыканың ырғағын нақты береді, қос аяқпен еркін және жеңіл секіреді |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Заттық әлем:**<br>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары**<br>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.<br>**Менің -Отаным Қазақстан.**<br>Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жолда жүру ережелері:**<br>Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған |

| | | |
|---|---|---|
| | | ережелер,«Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.<br>Қарапайым себеп-салдарлықбайланыстарды бақылау және анықтау (<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі**:төрт түлік және олардың төлдері (мінезіндегі ерекшеліктері,қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарымқатынастары туралы білімдерін кеңейту; |
| **Қараша** | **Дене шынықтыу** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>гимнастикалық скамейканың.<br>**Тепе-теңдікті сақтау**<br>бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып жүру.<br>**Жүгіру**<br>сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, "жыланша<br>**Еңбектеу, өрмелеу:**<br>етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу;<br>**Секіру:**<br>оңға, солға бұрылып секіру<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу**<br>оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан),<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру**<br>Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қоюкеуде тұсына қою;<br>**Кеудеге арналған жаттығулар:** Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Кегалар арасымен жүру, жүгіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Қимылды ойындар:**<br>Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту<br>**Дербес қимыл белсенділігі:**<br>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**<br>«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:**<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, еңбектейді; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелейді; |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар<br>айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын<br>жақсарту.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіндіру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы** зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қою<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Ақырын,жылдам сөйлейді. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтады.<br>ақырын, жылдам сөйлейді;<br>-өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі;<br>-зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтады; |
| | **Көркем әдебиет** | Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу<br>**Күтілетін нәтиже:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша, өз бетінше ретімен қайталап айтады; |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта:**<br>әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.<br>******Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.<br>******Сөздік қоры:**<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**:<br>үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды; еркін ойындарда таныс кейіпкерлерді басқа қырынан көрсетуге тырысады |
| | **Математика негіздері** | ***Жиын:***<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі,пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтау .<br>**Сан, санау**: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға,<br>«барлығы қанша?» сұрағына жауапберуге үйрету.<br>**Шама**: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру .<br>**Геометриялық пішіндер**:<br>Геометриялық пішіндерді (сопақша, шаршы) танып, атай білуге үйрету;Кеңістікті бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен).<br>Уақытты бағдарлау: Таңертең, күндіз,кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын Қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен айтады. |
| | **Құрастыру** | Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады<br>- қағаз парағын түрлендіреді; бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады; |

| | | |
|---|---|---|
| | | -табиғи және қалдық заттардан құрастырады; |
| | **Сурет салу** | Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>- жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады; |
| | **Мүсіндеу** | Майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді<br>қолданып, бейнелерді мүсіндейді |
| | **Жапсыру** | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-қысқа және ұзын жолақтарды қияды;<br>-қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады; |
| | **Музыка** | *****Музыка тыңдау**: музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен<br>*****Ән айту:** Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:** қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру,<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>**Билер:** Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану<br>**Күтілетін нәтиже:**музыка бойынша: музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды;<br>марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді;<br>заттармен қимылдар жасайды, сюжетті ойындарды сахналайды; |
| | | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету.<br>**Заттық әлем:**<br>Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Байланыс және қозғалыс құралдары.**<br>Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу<br>**Еңбекке баулу.**<br>Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға баулу.<br>**Жолда жүру ережелері:** Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.<br>Қарапайым себеп-салдарлықбайланыстарды бақылау және анықтау (<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі**:төрт түлік және олардың төлдері (мінезіндегі ерекшеліктері,қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткенқызметі үшін алғыс айту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>жақын туыстарын біледі, олардың есімдерін атайды, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт -дәстүрлер туралы әңгімелейді; |
| **Желтоқсан** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.** Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру,<br>**Лақтыру.** Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптардыдомалату.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>**Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетіндамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар:**<br>тізерлеп отырып,допты өзінен айналдыра домалату.<br>**Аяққа арналған жаттығулар:** Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау.<br>**Қимылды ойындар:**ойындарда физикалық қасиеттердідамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:**<br>дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналға атрибуттарды пайдалану.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**<br>«денсаулық – зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, тістерді тазалаудың пайдасын білу.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:**<br>тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууды білу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Аяқтың ұшымен,тізені жоғары өтеріп,адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта жүгіреді. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**: дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>**Сөздік қор**: Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы<br>сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз),заттардың орналасқан жерін(сол, оң, қатар, жанында,арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы** зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету үзінділерін қайталап айтуға баулу.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты,суретті өз бетінше қарау.Шығармалардың, ертегілердің қызықты<br>**Күтілетін нәтиже:** Сөздер мен сөз тіркестерініңдұрыс, анық айтады. С<br>өйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, үстеулерді, қосымшаларды қолданады;<br>өзін қоршаған ортадан тыс заттамен құбылыстардың атауларын біледі; |
| | **Көркем әдебиет** | Сөйлеммен затты сипаттай білудағдыларын дамыту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>Тақпақ жаттау дағдыларын дамыту. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір - бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларынжетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Әңгімелердің мазмұнын қайталап айтады; әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай алады;шығарма мазмұнын қайталап |

| | | |
|---|---|---|
| | | айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды;тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады |
| | **Қазақ тілі** | ******Тілдік дамытушы орта:**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда ойнауға ұйымдастыра білугедағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**: Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту.<br>******Сөздік қоры**:<br>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы»,«жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйретуді жалғастыру, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Шағын қарапайым мәтіндерді, тақпақтармен мен өлеңдерді тыңдайды,түсінеді . |
| | **Математика негіздері** | **Жиын:** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.<br>**Сан, санау:** Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>**Шама:** Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер:** Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету;<br>**Кеңістікті бағдарлау** заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру.<br>**Уақытты бағдарлау:** Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу .<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Екі затты ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады. |
| | **Қоршаған орта** | **Бала,оның отбасы, үйі:**<br>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу.<br>**Заттық әлем:** Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары.**<br>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.<br>Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулу.** Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Менің -Отаным Қазақстан.** Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту.<br>**Жолда жүру ережелері**. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары**. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу, соған сәйкес киіну.<br>**Өсімдіктер әлемі.** Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>**Жануарлар әлемі**. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Көлік түрлері мен жол түрлерін атайды. |
| | **Құрастыру** | Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білуге үйрету. Құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жасауға олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру. Шығармашылық қиялдау дағдыларын дамыту. Қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып құрастыру.<br>Құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады;<br>Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды; өз бетінше ойдан құрастырады; |
| | **Сурет салу** | Сюжеттік сурет салуды және қарындашпен сурет салу тәсілдерін үйрету.<br>Дәстүрлі сурет салудың техникасын жетілдіру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Түстерді қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды;<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады; суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі; |
| | **Мүсіндеу** | Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеуді үйрету. Оларды орналастыру, пропорцияны сақтай отырып, бөліктерді біріктіру тәсілдерін жетілдіру. Пластилинография дайын суреттің үстіне ермексазды жапсыруды үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды;<br>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді Қолданады. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Жапсыру** | Бейнені айқын беру үшін сұлбаны қию, жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескере отырып, жапсыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Заттарды дайын пішіндердің көмегімен және өз бетінше ойдан қиып жапсырады;<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен<br>орындайды; |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату<br>**Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>*****Музыкалық-ырғақты қимылдар:** музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету.<br>*****Билер:** Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды; қимылдарды орындауда шапшаңдық пенептілік танытады |
| **Қаңтар** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар**<br>Жүру<br>жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып қол-аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>Тепе-теңдікті сақтау.<br>бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру<br>Жүгіру.<br>түрлі тапсырмаларды орындай отырып:<br>Еңбектеп өрмелеу.<br>етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу;<br>Секіру:<br>бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру<br>Лақтыру,домалату,қағып алу.<br>1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру<br>Сапқа тұру.<br>Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**Қол және аяқ белдеуіне арналған жаттығулар.**<br>қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар.**<br>қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. |

| | | |
|---|---|---|
